

Шемонаиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 23/4-VI "Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 50/10-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 сәуірде № 6882 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 2-бабы 2) тармақшасына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 23/4-VI "Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-178 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Шемонаиха аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Андропова

А. Боровикова